

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

**"Қазақстан қор биржасы" акционерлік
қоғамының (қысқартылған атауы – "Қазақстан
қор биржасы" АҚ) акцияларын 2018 жылдың
26 тамызынан 2019 жылдың 25 тамызына дейінгі
кезеңде орналастыру туралы**

№ 17 ЕСЕП

"Уәкілетті органның акцияларды орналастыру нәтижелері турады есепті бекітуі, акцияларды орналастыру нәтижелері туралы есепте сипатталған, акцияларды сатып алу бойынша инвесторларға қандай да бір нұсқама болып табылмайды және, осы құжатта мазмұндалған, ақпараттық нақтылығын растамайды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары, акцияларды орналастыру туралы есепте берілген ақпараттардың барлығының нақтылығын және инвесторларды акционерлік қоғамға және оның орналастырылатын бағалы қағаздарына қатысты адастырмайтынын растайды".

1. Қоғамның атауы және оның орналасқан жері:

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешені, 8 қабат.

2. Қоғамның мемлекеттік тіркеуі (қайта тіркеуі) жасалған датасы және мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған, органның атауы:

Тіркеу нөмірі 1952-1910-01-АО (бизнес-сәйкестендіру нөмірі – 931240000220) Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі Алматы қ. Әділет департаментімен 2004 жылдың 07 қаңтарында берілген.

3. Жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткен (жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігін жарияланған акциялардың саны ұлғайғанына байланысты ауыстыру) датасы:

Қоғамның жарияланған 5 000 000 жай акциялар шығарылымын 2008 жылдың 25 тамызында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі тіркеген және А1003 нөмірімен Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізген.

2012 жылдың 20 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті алдында берілген жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігін орналасқан жері өзгеруіне байланысты ауыстырды. Жарияланған акциялардың шығарылымы Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне №А1003 нөмірімен енгізілді.

4. Қоғамның қаржылық есеп беру мәліметтеріне сәйкес жарғылық және меншікті капиталы жөніндегі мәліметтері:

2019 жылдың 01 қыркүйегінің сағат 00:00 жағдай бойынша қоғамның жарғылық капиталы 2 661 774 881,74 (екі миллиард алты жүз алпыс бір миллион жеті жүз жетпіс төрт мың сегіз жүз сексен бір теңге 74 тиын), ал оның меншікті капиталы – 10 871 538 217,71 (он миллиард сегіз жүз жетпіс бір миллион бес жүз отыз сегіз мың екі жүз он жеті) теңге 71 тиынды құрады.

5. Жарияланған акциялар туралы мәліметтер:

1) жарияланған акциялардың жалпы саны – 5 000 000, соның ішінде:

жай акциялар – 5 000 000;

артықшылықты акциялар – жоқ;

2) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілденген мөлшері - қоғамның артықшылықты акцияларының болмауына байланысты, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілденген мөлшері белгіленген жоқ.

6. Қоғамның акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу датасы:

қоғамның акциялары қор биржасының ресми тізіміне енгізілмеген.

7. Қоғамның акцияларын орналастыру туралы мәліметтер:

1) есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша орналастырылған және орналастырылмаған акциялардың саны – 2019 жылдың 26 тамызындағы күнінің соңында қоғамның 974 373 (тоғыз жүз жетпіс төрт мың үш жүз жетпіс үш) жай

акциясы орналастырылған, қоғамның 4 025 627 (төрт миллион жиырма бес мың алты жиырма жеті) жай акциясы орналастырылмаған;

- 2) есептік кезеңде орналастырылған акциялардың түрлері бойынша саны – қоғамның 32 360 (отыз екі мың үш жүз алпыс) жай акциясы.

8. Акцияларды орналастырудың есептік кезеңіндегі акцияларды орналастырудың (сатудың) тәсілдері:

- 1) құрылтайшылар арасында (жаңа құрылған қоғамдар үшін) акциялардың санын, акциялардың номиналды құнын, төлеу сомасын көрсетумен – **жоқ**;
- 2) артықшылықты сатып алу құқығымен акционерлер арасында, акциялардың немесе, қоғамның жай акциясына айырбастылымды, басқа бағалы қағаздардың түрін, санын, орналастыру бағасы мен төленген сомасын көрсетумен – **жоқ**;
- 3) жазылым арқылы (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықтарында):

Өзге инвесторлардың арасында орналастыру арқылы, акциялардың түрін, санын, орналастыру бағасын, төленген сомасын көрсетумен – 32 360 (отыз екі мың үш жүз алпыс) жай акция, бір жай акцияға орналастыру бағасы 9 132,22 (тоғыз мың бір жүз отыз екі мың) теңге 22 тиын, төленген жалпы сомасы 295 518 639,20 (екі жүз тоқсан бес миллион бес жүз он сегіз мың алты жүз отыз тоғыз) теңге 20 тиын;

- 4) аукцион арқылы – **жоқ**;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын немесе ақшалай міндеттемелерін қоғамның акцияларына айырбастау арқылы – **жоқ**.

9. Орналастырылатын акцияларға төлеу тәсілі, олардың саны мен төленген сомасы (орналастырылған акциялардың жалпы санынан он және одан аса пайызына иеленген, акционерлер туралы (қоғам кері сатып алған, акцияларды шегерумен) орталық депозитарийдің берген, анықтамасының көшірмесін қосып берумен), акцияларды орналастыру аяқталған күннен кейінгі келесі күндегі жағдай бойынша:

- 1) ақшалай – 2019 жылдың 29 қаңтарындағы № 121513761 төлем тапсырысы, төлеуші (ақша салушы): MOSCOW EXCHANGE MICEX-RTS сомасы – 295 518 639,20 (екі жүз тоқсан бес миллион бес жүз он сегіз мың алты жүз отыз тоғыз) теңге 20 тиын;
- 2) бағалы қағаздармен – **жоқ**;
- 3) мүліктік құқықтармен – **жоқ**;
- 4) өзге мүлікпен – **жоқ**;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын немесе ақшалай міндеттемелерін қоғамның орналастырылатын акцияларына айырбастау арқылы – **жоқ**;
- 6) дивидендтермен – **жоқ**.

Қоғамның қайта ұйымдастырылуы жасалған жоқ.

10. Қоғамның акциялары орналастырылған кезде қоғамның опцион келісім-шартын жасасқан жағдайда, опционның құны, опцион жасалған қоғамның акцияларының саны, опционды орындау бағасы:

Қоғам өз акцияларына опциондар жасасқан жоқ.

11. Қоғамның акциялар шығарылымының андеррайтерлері (эмиссиялық консорциумдары) туралы ақпарат:

- 1) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының атауы, қоғамның андеррайтер қызметтерін көрсетуге жасасқан келісім-шарттың датасы мен нөмірі, сондай-ақ эмиссиялық консорциумның қатысушылары – **қоғамның акцияларын шығару және орналастыру мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары тартылған жоқ;**
- 2) андеррайтердің акцияларды орналастыру әдісі – **қоғамның акцияларын шығару және орналастыру мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары тартылған жоқ;**
- 3) андеррайтермен есептік кезеңде орналастырылған акциялардың саны – **қоғам андеррайтерді тартусыз есептік кезеңде 32 360 (отыз екі мың үш жүз алпыс) жай акция орналастырылды.**

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

Бас бухгалтер

Ақыббекова С.У.